

Кедендік өкіл қызметін көрсету
Келісім Шарты

Алматы қ-сы

«__» _____ 20__ ж

Осы келісім-шарт ЖШС ЕМЕХ, Федерал Экспресс Корпорэйш (FedEX) ресми өкілі және TNT Management(Bahrain) Ес В.С.С. (TNT) атынан әрекет ететін, бас директоры Воробьева Т.А., Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік Кірістер Комитетінің №116 14 наурыз, 2017 жылы қабылданған Кедендік өкілдер тізіміне қосу жайындағы жарғы негізінде, қызмет көрсететін, ары қарай «Өкіл», мен, осы негізгі бетке қол қойған Сенім білдіруші, әрі қарай «Сенім білдіруші» арасында жасалған.

1. Шарттың мәні

1.1 Жасалған келісім –шарт мәні: ҚР аумағына, ЖШС «ЕМЕХ» компаниясына келіп түскен, жеке бас қажетілігіне арналған жөнелтілімді жолаушылардың кеден декларациясы бойынша Сенім білдірушінің атынын тегін кедендік рәсімдеуден өткізу болып табылады.

1.1.1 Салмағы 31 кг-нан , мөлiмделген құны 500 Евродан аспайтын, жеке бас қажетілігіне арналған жөнелтілімді жолаушылардың кеден декларациясы бойынша Сенім білдірушінің атынын тегін кедендік рәсімдеуден өткізу -31/12/2019 мерзіміне дейін қол қойылған келісімдер үшін.

1.1.2 Салмағы 31 кг-нан , мөлiмделген құны 200 Евродан аспайтын, жеке бас қажетілігіне арналған жөнелтілімді жолаушылардың кеден декларациясы бойынша Сенім білдірушінің атынын тегін кедендік рәсімдеуден өткізу -01/01/2010 мерзімінен бастап қол қойылған келісімдер үшін. (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №107 "жеке пайдалануға арналған тауарлармен байланысты жекелеген мәселелер туралы" (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 01.11.2018 № 91, 28.05.2019 шешіміне сәйкес)

2. Шарттың талаптары

2.1 Өкіл Сенім білдірушінің тауарларын ЕАЭО Кедендік Заңнамасының шарттары мен талаптарына сәйкес жеңілдетілген тәртіп бойынша кедендік рәсімдеуден өткізеді.

2.2 Сенім білдіруші Өкілге өзінің дербес деректерін осы келісім шарттың талаптарын орындау мақсатында ғана қолдануға рұқсат береді.

2.3 2.2 бөліміне сәйкес, Өкіл Сенім білдірушінің дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жинақтауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыруға және жарияламауға міндетті, тек мемлекет органдарының өкілдеріне берілген жағдайды қоспағанда.

2.4 Өкіл аталған келісім шартты, жеке тұлғалардың жеке пайдалануына арналған кедендік мағлұмдамаларды рәсімдеуде өзгерістер болған жағдайда ғана, бір жақты ретпен бұзуға құқылы.

3. Келісім шарт мерзімі

3.1 Осы Келісім Шарт қол қойған күннен бастап календарлық 1 жыл көлемінде жарамды. Келісім шарттың қол қою күні, преамбулада көрсетілген күн болып саналады.

4. Басқа шарттар

4.1 Осы келісім шартта көрсетілмеген қатынастар ҚР заңнамасына сәйкес реттеледі.

4.2 Келісім-шарт теңдей заңды күші бар ,қазақ тілінде, 2 данада жасалған. Қол қойылған келісім шарт әр тарапқа 1 түпнұскадан беріледі.

Өкіл:ЖШС ЕМЕХ

050004, ҚР. Алматы қ-сы

Сүйінбай д-лы, 89, IO Green Hill

БИН 040440000893

тел.: +7 (727) 35 63 800

факс: + 7 (727) 35 63 803

e-mail: ptd@emexnet.com

(KZT) - KZ119470398921908788

(USD) - KZ189470840913433488

(RUR) - KZ149470643003585108

(EUR) - KZ839470978072920298.

АО ДБ «Альфа-Банк»

БИК ALFAKZKA

БИН АО ДБ «Альфа-Банк» 941240000341

КБЕ 17

Сенім білдіруші:

Аты-жөні _____

жеке куәлік № _____

Берген мекеме, мерзімі _____

Бас Директор

Воробьева Т.А